



**Егемен Қазақстан**

## Қазақ мемлекеті жайлы құжаттар

Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитеті Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ортағасырлық жазба деректердегі Қазақ мемлекеті» атты көрме ашылды.



Көрме сөресіне Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорында жинақталған Қазақстан тарихына қатысты сирек кітаптар, қазақ хандарының хаттары, Ұлы дала бейнеленген ежелгі карталар, сонымен қатар Қазақ хандығы дәуіріне тән тарихи қолжазба құжаттар қойылған екен. Атап айтсақ, ежелгі түркі-қыпшақ даласы бейнеленген XVII ғасырда нидерландтық картограф Ф.Де Вит сызған карта және XVI ғасырда ағылшын дипломаты Энтоний Дженкинсон жасаған Азия картасы қатарлы құнды дүниелермен бірге, қазақ тарихына қатысты деректік мағлұматқа бай қолжазба-кітаптар қойылыпты. Олардың арасында XIII ғасырда өмір сүрген тарихшылар – Зайнаддин Васифи Харавидың «Бадай ал-вакай» туындысы, Рузбихан әл-Исфahanидың «Мехманнама Бұхара» кітабы, күллі түркі жұртына ортақ ғұлама Мұхаммед Хайдардың «Тарих Рашиди», Кази Ахмад Ғафаридың «Тарих Джахан ара» секілді құнды еңбектері көпшілікке ұсынылды.

Осы орайда маңызды жиынды ашып, көпшілікке аталған шараның мақсаты жайлы таныстырған Мәдениет және спорт министрлігі Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш: «Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: ««Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыт бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатыны заттық айғақтармен толықты. Елбасының осы іргелі бастамасы халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты» деген болатын. Осы ретте, мемлекет тарихын, ұлт тарихын зерттеуде және оның ғылыми айналымға түсуіне жазба деректің алатын орны зор. Жазба деректер әр елдің, ұлттың, жердің тарихынан, мәдениеті мен рухани өмірінен мол мәлімет беретін құнды мұра, рухани байлық», деді.

Сөзімізді түйіндер болсақ, болашақта мұндағы қолжазба деректер ғылыми айналымға түсуі қажет. Осы арқылы елдің, ұлттың, жердің тарихын, мәдениеті мен рухани өмірін жаңа қырынан танып, зерттеуге тың сүрлеу салынуға тиіс.

*Суретте: Нидерландтық картограф Ф.Де Виттің картасы. XVII ғ.*